



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«28» сәуір 2026ж.

№ 139

Ақсай к

«ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, жер комиссиясының 2026 жылғы 25 ақпандағы №78 хаттамалық шешімі және 2026 жылғы 10 сәуірдегі №55 жерге орналастыру жобасының негізінде негізінде, Бөрлі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақсай» автомобильдік өткізу пунктіне кірме жолдарын қайта жаңарту үшін Жарсуат ауылдық округінің аумағынан жалпы көлемі 14,9028 гектар жер учаскесі, «ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығымен жер учаскесі берілсін.

2.«ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен жер пайдалану құқығын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының Бөрлі аудандық бөлімінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Имашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі



Е.Ихсанов